

## **ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ТІЛ БІРЕГЕЙЛІГІ**

Қазақ тілінің конституциялық мәртебе алғанына өні-міне дегенше 20 жыл болады.

Қазақ тілі конституциялық мәртебе алды де-сек те, басқару, акпарат, ғылым-білім саласы тәрізді әлеуметтік беделі аса жоғары мәртебелі міндеттерді атқару мемлекеттік тілдің толық еншісіне тимей отыр. Қазақ тілі өз Отанында ми-норитарлық тіл болып қалу қаупі күшейіп келеді. Қазақ тілінің 1) басқару, 2) акпарат, 3) ғылым-білім саласындағы үш тағаны орнықпай, қоғам, әлемдік қауымдастық алдындағы абыройы көте-рілмейді. Мұндай мәртебелі міндетті қазақ тілі әлдекімдер айтқандай әлеуеті жетпегендіктен емес, коммуникативтік өрісін тарылтып қызмет бермегендіктен атқара алмай отыр. Дамыған тілдерге тән лингвистикалық көрсеткіштер, мәде-ни-тарихи өлшемдер қазақ тілінің бойынан түгелдей дерлік табылады. Ең алдымен, мемлекеттік тілдің үш тағаны (басқару, акпарат, ғылым-білім

саласындағы қызметі) түгелденуге тиіс. Ең бі-ринші осы мәселе шешімін табуға тиіс және мемлекеттік тілдің қоғамдық беделі жоғары деңгейде болғаны абзал. Өйткені қазақ тілі мемлекет құруышы этностың тілі, мемлекеттің бірден-бір тірепі деп, күллі Қазақстан жүртшылығы мойындағандықтан, Ата занымызда кон-ституциялық мәртебе алды. Сондықтан оның тағдыры жөнінде жауапкершілікті әлемдік қауымдастықтың алдында ең алдымен мемлекет өз мойнына алуға тиіс. Әлемдік тәжірибеде солай.

Қазіргі кезде, өсіресе отаршылдықтың құры-ғынан құтылған, тәуелсіздік алған елдердің ұлт тілі – мемлекеттік тіл ретінде қолданылатыны – әлемдік тәжірибеде орнықкан жайт. Бұны сол елдегі өзге де ұлт өкілдерінін мойындауға тиіс екені БҰҰ, ЮНЕСКО, Еуродактың хартиясындағы қағидалардың біріне айналып отыр.

2008–2009 жж. вертикаль, горизонталь қатынастағы көптеген мекемелердің өзара хат алмасуы мен ісқағаздарының, орыс тілінде жүргізілу үрдіс алып, мемлекеттік тілдің басқару саласындағы коммуникативтік өрісін тарылтып отыр. Ал басқару жүйесінде қолданылу арқылы ғана тіл қоғамдық институттар арасындағы қатынасты реттеу құралына айналады. Сөйтіп, **қ оғамдағы құқықтық** сананың қалыптастыруына негіз болады. Мемлекеттік тілдің осы саладағы еркін дамуына ісқағаздарды мемлекеттік тілде жүргізбейтін мекемелер тосқауыл болып отыр. Олардың Конституция, Зан шенберінде қатаң қадағаланбауы, талап қойылмауы мемлекеттік тілдің бұл коммуникативтік қызметін өрістетуге мүмкіндік бермей отыр.

Мемлекеттік тілде қызмет көрсетілмейтініне наразылық білдіріп отырған жүртшылықтың пікірі қазақ тілді телеарналардан, баспасөз беттерінен де жиі-жиі естіліп қоғамдық дабыл жиілей түсті.

Кейбір мекемелер анықтама, қатынас қағазы т.б. бірер ісқағаздардың қазақша аудармасын берумен шектеліп отыр. Бұл өншейін өзімізді-өзіміз алдаусырату. Шын мәнінде мемлекеттік тілдің қызметі ісқағаздың бірер түрін қазақшалаумен шектелмесе керек еді. Мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметі жазбаша түрде де, ауызша түрде де жүзеге асуға тиіс. Өндірістік жиналыс, кенес, мәжіліс, мамандардың өзара пікір алысуы т.б. ресми қарым-қатынас, яғни мекемелердің ұжымішілік “жұмыс” тілі қазақша болуға тиіс, өйткені ресми дискурс болған жағдайда ғана қажетті стандарттар, клишелер қалыптасып, тілдің нормалық қасиеті шындала түседі.

Ғылымдағы тілдік тұлғалар кім? Ана тілінде жазбаса, өзінің жұмыс тілі қазақ тілінде болмаса, ол өзге ұлтты, өзге мәдениеттің жыртсының жыртатын бейұлтты тұлға болады. Бейұлтты тұлғада “Отаным”, “Қазақстаным” деген ұғым мен патриоттық сезім қалыптаспайды, “ғылым әркашанда интернационалдық сипатта болады” деп, олар біржақты түсінеді. Ал қазақ тілділерде ғылыми сана қалыптастыратын, ғылыми білімдер жүйесі концептуалды бірлік түрінде санада бекімесе, қазак баласының кім болғаны? Қоғамдық сананың ғылыми түрі тілдік тұлғада орнықпаса, ондай адам тұрмыстық сана деңгейінде қалып қоймак. Сондай-ақ ана тілінен қол үзген тілдік тұлғалардың мұндай қоғамдық жағдайда өзге ұлт өкілдерге айналатындары жоқ емес.

Қазақ тілі қазақ қоғамының ғылыми санасын көтеретін құрал болуға тиіс, өйткені ғылым-білім қоғамдық сананы көтеретін, ұлттық сананы жетілдіретін ерекше құбылыс. Ғылымды тек ұлы жаналық ашу деп біржакты түсінуге болмайды, сондай-ақ ғылымды тек материалдық байлықты арттырудың көзі деп карау да дұрыс емес, ғылым ең алдымен рухани байлықтың көзі. Ал рух дегеніміз, В. фон Гумбольдтың айтуынша, тіл арқылы өмір сүреді. Сондыктан көрнекті ғалымдар тіл дегеніміз – рух, рух дегеніміз – тіл деп тепе-тендік белгісін қояды. Халықты өзінің ана тілінен, яғни ғылыми сананы қалыптастыратын рухынан, айырсақ, кім болғанымыз, не болғанымыз?

Қоғамдық сананың тағы бір түрі **с а я с и с а н а** деп аталағы. Әдетте қоғамдық сананың саяси түрін осы заманда БАҚ қалыптастыратындығы белгілі.

Қазакстандағы телеарналардың көбі уақытының 50 пайызын мемлекеттік тілдегі бағдарламаларға арнау туралы занды толық мәнде орында май уақытты эстетикалық әрі тәрбиелік мәні жоқ концерттер мен аудармаланған мазмұны төмен шетелдік, әсіресе батыстық фильмдермен толтырады. Осындай арзан, мәнсіз бағдарламалар көбейіп, телеуақыт эстетикалық мазмұны төмен, сананы улайтын ұлттық мәні жоқ геоденистік хабарларға кетіп жатады. Бұлардың бәрі қазақ халқының жалпыадамзаттық құндылықтарын ығыстырып, қалың жүртшылық санасына батыстық құндылықтарды орнықтыруды көздейтіні бүгінгі қүннің кез келген көзі ашық азаматына мәлім болып отыр. Сондыктан мемлекеттік тілдің әлеуметтік беделін БАҚ саласында көтеру аса қажет. Қазіргі кезде жүртшылыққа керегі ана тілінде берілетін сыртқы-ішкі саясат, экономика, мәдениет, тарих, денсаулық сақтау, ғылым, білім т.б. әлеуметтік-қоғамдық салмағы, акпараттық мәні жоғары хабарлар. Көрермен мен тындарман бұған зәру. Социолингвистердің айтуынша, БАҚ әсіресе телевизия тілдің әлеуметтік мәртебесін көтеретін ерекше коммуникативтік кеңістік болып табылады, сондыктан телеарналар қазақша сөйлемей, мемлекеттік тілдің қоғамдық беделі көтерілмек емес. Мұндай коммуникативтік кеңістігі бар тіл ғана ысылып, түзіліп, нормалану үрдісі күшінейді.

Бұнымен катар еліміздің телекөрмермендері едөуір бөлігінің арасында барлық телеарналардың кем дегенде 50% – қазақ тілінде болуға тиіс және құр уақыт толтыру үшін емес, әлеуметтік-таным-

дық хабарлар берілуі қажет еді, барлық хабарлары тәулік бойы (24 сағат) қазақ тілінде берілетін ұлттық телеарна керек. Бір қыны, бұл мәселе өлі күнге дейін шешімін таппай отырғаны қоғам тарапына наразы реакция туындалап отырғаны айқын байқалады.

**Қоғамдық сананың келесі түрі әс т е т и к а-лық сана.** Эстетикалық сана әдетте көркем шығарма, көркем дүниелер арқылы қалыптасады. Әсіресе ана тілінде балаларға арналған арнайы бағдарламалардың, мультфильмдер мен көркем фильмдердің жоқтығы да қазіргі кездегі қазақ тілді жүртшылықтың көп айтатын талаптарына айналды. Шынымен де, бала ана тіліне кішкене кезінен ана сүтімен үйренеді, ары қарай қоғамның мүшесі ретінде олардың танымы, эстетикалық талғамы ана тілінде осындай бағдарламалар арқылы қалыптасады. Мұндай жасалынды тілдік ортасы жоқ бала тілге шорқақ болып, тілдік тұлғасы бұзылады. Психолингвистер мен лингвист ғалымдардың дәлелдеуінше екі, үш тілді менгерген адам санасында “бірнеше” тілдің жүйесі болғанымен, оның ішінде тек бір тіл ғана доминанта болады. Адам екі жарылмайды, кез келген адам табиғатында біртілді болам, сол тілдің айтқанымен жүріп, “дегеніне” қонеді. Басқа тілдер сол тілдің негізінде, төнірегінде перифериялық жүйе құрап тұрады. Сол доминанта тіл иегерінің адамды белгілі бір мәдениет өкілі болуына санадан тыс түрде мәжбүрлайді. Мұны терен түсінген орыс, ағылшын, француз сияқты т.б. елдерде өз тілдерінде сөйлейтін әрбір тілдік тұлға үшін (мейлі ол өз ұлты, мейлі басқа ұлт өкілі болсын) күресіп жатыр. Мысалы, Ресейдегі «Орыс картасы» осы ниетті анғартады. Мұнда орыс тілінде сөйлейтін кеңістіктер шекараға байланыссыз түгел қамтылған. Олар болашақта Ресейдің өз азаматтарынан құралмаса да, бір мәдени, бір тілдік кеңістіктіке болғандықтан, елдің әлеуетті қолдаушыларының базасын құрайды. Олай болса, өз тілдері үшін күресіп жаткан алдыңғы катарлы елдердің тәжірибесінен үлгі алып, қазірден бастап тілдік тұлғасының негізі мемлекеттік (ұлттық) тілде қаланған Отанымыздың болашақ елжанды азаматтарын қалыптастыру көзделсе, алдымен бұлдіршіндерге арналған қолайлы қазақ тілді кеңістік жасау ке-ректігі өзінен өзі айқын болады.

Мемлекеттік тілдің демографиялық базасын қүшету мәселесі де қоғам арасында кеңінен талқыланып отыр. Шетелдердегі казактарға берілетін квоталар мен женілдіктерді көбейту керектігі

туралы мәселе үкімет деңгейінде де, мемлекеттік емес қоғамдық үйымдар тарапынан да көтерілгені белгілі. Қазақ тілін тұтынушылардың (носитель-дердің) санын көбейтпей, тілді қарқынды дамыту мүмкін емес. Кезінде күллі КСРО халықтары орыс тіліне қызмет етіп, оны түрлі ұғымдармен тілдік стандарттамен айышыты сөз ұлгілерімен байытты. Қазіргі кезде Ресей орыс тілінің әлеуметтік беделін көтеру, коммуникативтік кеңістігін кеңейту үшін белсенді түрде курес жүргізіп, қаржылық қолдау көрсетіп жатыр. Өйткені «кім қай ұлттың тілінде сөйлесе, сол ұлттың өкілі» дейтін афоризмін бұқпатаіын ашсак; тіл «акиқат дүниені басқаша емес менің жүйемдегідей қабылдайсың» – деп, тұтынушыны мәжбүрлайді. Орыс тілінде сөйлеушілер ағылшының қоғамдық ой-санасымен өмір сүреді, ақиқат дүниені мәдени құндылықтарды өз тілдерінің жүйесі бойынша қабылдайды. Олай болса, мемлекеттік тіл болып отырған қазақ тілінің қолданылуға аясын кеңейтуге, өміршендігін (витальность) арттыруға елеулі әсер ететін бірден бір фактор оның демографиялық базасын қүшету болып табылады.

Қазақ тілін ғылым, білім, саясат, экономика, медицина т.б. саласындағы ұғымдармен байыту аса қажет. Концептуалды ұғымдармен байыған тіл өзінің тұтынушысының когнитивтік санасын терендетіп, байытады, ой-өрісін кеңейтеді. Олай болмаған жағдайда қазақ тілі тұрмыстық деңгейдегі “этнографиялық топтың” ғана құралы болып қалады. Сондықтан қазақ мектептеріндегі пәндерінің барлығы қазақ тілінде оқытылуға тиіс. Математика, физика, химия, информатика және т.б. пәндерді ағылшын тілінде оқыту, ұлт үшін мүлде қиянат екені туралы мәселе қазіргі кезде көп көтеріліп, негізгі пәндерді өзге тілде оқытуды қолдамайтындар саны күннен күнге қебейіп келе жатқаны байқалды. Бұл көзқарастың дұрыс екені ғылыми түрғыдан да, әлемдік тәжірибе арқылы да дәлелденген ақиқат. Негізгі пәндер ана тілінде оқытылмаса, окушының санасында өзге тілдің моделі орнығады, сөйтіп, оның ой-санасында қазақ тілін тұрмыстық деңгейдегі ғана, дамымаған, ғылым-білімге жарамсыз тіл деген концептуалдық түсінік қалыптасады. Окушының тілдік тұлғасына, коммуникативтік тұлғасына нұқсан келеді. Мұндай болған жағдайда қазақстандық білім беру жүйесі қазақ елін, қазақ жерін сүйеттін елжанды, отансүйгіш азаматтарды тәрбиелеудің орнына басқа мемлекеттер қолдап

отырған басқа мәдениетті көксейтін бейазаматтық тұлғалар қалыптастыру қаупіне ұшырауы мүмкін.

Жоғары лауазымдық мемлекеттік қызметтегі азаматтардың ресми қатынаста, өсіресе дипломатиялық қарым-қатынаста өз мемлекеттік тіліндегі сөйлемеуі титулдық ұлт өкілдерінің ғана емес, өзге де қазақстандық азаматтардың намысына тиетінгі туралы мәліметтер бізге жетіп отыр. Бұл қазіргі тұста қазақстандық азаматтардың саяси және патриоттық санасының өсу нышанын байқатады. Олай болса, жоғары қызметтегі лауазымды тұлғалар қоғамның бұл он өзгерісіне дер кезінде сәйкесе білуі қажет, сондыктан кез келген жоғарғы лауазымды тұлғадан мемлекеттік маңызды атрибуты – мемлекеттік тілді құрметтеуі, сыйлауы қоғамның қатаң талабына айналып отыр.

Осы айтылғандарды ескере отырып, *dereу* қолға алынатын шараларды айқындан алудымыз қажет.

Дерене деуге себеп – 2008 жылдың қыркүйек айында 2000-3000-дай адам жиналған Алматы қаласында өткен, рұқсат етілген мемлекеттік тілдің қолдау митингінің өткізілу фактісі.

Алматы қаласында өткен бұл шараға өз деңгейінде баға берілген жоқ. Бұл оқиғаға жеңіл-желіп баға беруге болмайды. Мұны терен түсініп, назарға алу керек. Олай болмаса, мемлекеттік тілдің қолданыс аясының тарылуын байқаған, содан қолайсыздық қөрген еліміздің азаматтарының едәуір бөлігінің дауыстары естілмей қалады, бұл демократиялық принципке қайшы саналып, шынайы әлеуметтік жағдаяттар бойынша туындаған ахуалды теріс пиғылды саяси ағымдар пайдаланып кету қаупі төнеді. Себебі митингіге қатыскандар саны 2000-3000-дай болғанымен, бұл шара өз ұлтын сүйеттің әрбір шаңыракта резонанс тудырды. Қоғамдық резонанс тудыратын дай жағдаяттың қалыптасқанын елемеу саяси қырағылыққа жатпайды, себебі күннен күнге тілдік азаматтар қазактілді дискомфорт жағдайында жүреді, орыстілділерге тілдік комфорт жағдай басқару, ақпарат, ғылым білім т.б. саласында қүшетпіліп келеді. Осыған Үкімет мән бермese, титулдық ұлттың құрайтын азаматтардың едәуір бөлігінің талаптары ескерілмесе, елдегі ұлттық бірегейлікке Елбасы ұстанып отырған ұлтаралық татулыққа, елшілік тыныштыққа, Мемлекеттік ұстанып отырған тіл, саясаты негізгі принципі республикада тілдердің үйлесімді қызмет етуі мен әралуандығына нұқсан келері сөзсіз.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік тілдің қолданысына қатысты қалыптастып отырған жағдайда мынадай шарапады жүзеге асу қажет:

- төулік бойы мемлекеттік тілде ғана хабар беретін Ұлттық телеарна ашу, оның таралымын тек Казакстанда ғана емес, қазақ диаспорасы мен ирредентіне де жеткізу;

- болашақ тіл иелері – казіргі жасөспірімдер. Олардың ұлттық тәрбиесі мен тілі де төмендеп кетті. Себебі ана тілдерінде жүретін телебағдарламалар жоқ. Сондыктан қазақ тілінде жүретін балаларға арналған телеарна ашу;

- мультфильмдер түсіруді қолға алу керек. Ұлттық тәрбие беретін, қазақ тілінен білім нәрін сусыннататын балаларға арналған казақша мультфильмдер түсіруге қаржы бөлу; мультфильм өндірісінің мамандарын дайындау, осы өндіріс базасын қүшету;

- мемлекеттік тілдегі Интернет желілерінің саны мен сапасын көбейтуді іске асыру;

- мемлекеттік тілдегі танымдық-эстетикалық мәні жоғары, патриоттық мазмұндағы мерзімді басылымдардың саны мен сапасын көбейту шараларын жүзеге асыру;

- мемлекеттік тілдің ғылым саласындағы қызметін, коммуникативтік өрісін қүшету; мемлекеттік тілдің ғылыми-лингвистикалық базасын құрайтын сөздіктердің әрқайсысының мол тарауыннан түр-түрін шығаруды қаржыландырып, таралым санын көбейту;

- әрбір мекемедегі қатынас қағаздарының қазақ тілінде жүргізілуін қадағалау, текстеру, іс-қағаздары мемлекеттік тілде төмен деңгейде жүргізілетін мекеме, үйымдардың басшылауына тиісті әкімішілік шаралар қолдану, бұл шаралардың барысы жөнінде БАҚ құралдары арқылы көпшілікті хабардар қылышып отыру; Мемлекеттік мекемелердің жұмыс тілін қазақ тіліне көшіру;

- мемлекеттік тілді менгерген мемлекеттік қызметкерлердің, сондай-ақ зауыт, банк сияқты ірі өндіріс және қаржы орындарындағы мамандардың мәртебесін өсіру шараларын (қаржылай сыйакылар, мансап басқышына көтерілу жеңілдіктерін) жақсартап түсү;

- мемлекеттік қызметке алынатын тұлғалардан ен алдымен мемлекеттік тілді білуін талап ету;

- қазақ мектептерінде математика, химия, тарих, физика, информатика, биология, география және т.б. барлық пәндерді тек қана мемлекеттік тілде оқыту;

- мемлекеттік қызметтегі, дипломатиялық қызметтегі лауазымды тұлғалардың ресми кезде-сулерде, сұхбаттарда, т.б. жүртшылық алдындағы сөзінде мемлекеттік тілде сөйлеуін талап ететін шараларды қолға алу; мемлекеттік тілдің кандай денгейде менгергендігі жөнінде мониторингтік талдау жасау

- Қазақстанда таратылатын барлық теле және радиоарналардың мемлекеттік тілде берілетін бағдарламаларын сапасы жағынан қатаң саралтаудан өткізу, танымдық-акпараттық манызы жоғары казақ тілді бағдарламалар санын арттыруды қолға алу, бұған қажетті қаржат көздерін табу;

- қазақ тілінен сабақ беретін мектеп мұғалімдері мен жоғары оку орны оқытушыларының, қазақ тілін арнайы зерттейтін және қазақ тіліндегі еңбек жазатын ғалымдардың қазақ тілді бала-бақша тәрбиешілерін материалдық жақтан ынталандыру;

- мемлекеттік тілдің лингвистикалық базасын жасауға жауапты ғылыми мекеме – Тіл білімі

институтының ғылыми-кадрлық базасын жақсарту, Әдебиеттану, Философия, Тарих және Этнография, Шығыстану, Экономика т.б. қоғамдық-гуманитарлық институттардың мәртебесін жоғарылату, материалдық базасын күшейту шараларын жүзеге асыру.

- атальыш шараларды жүзеге асыруда «Мемлекеттік тілді дамыту қоры» корпоративтік қорының да қаржылық көмегін тиімді пайдалану.

### ӘДЕБИЕТ

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкоznанию. М.: Прогресс, 2000. 32 б.

2. Қазақстан Республикасындағы конституциялық зандаулықтардың жай-күйі туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кенесінің жолдауы (2007, 29 маңыр, №01-4/1).

### Резюме

Дается лингвосоциологический анализ языковой ситуации в современном Казахстане, определяются виды общественного сознания и их взаимодействие с языковой идентичностью.